



Рисунок – 4. Коммуникативная сессия в чат-боте

Разработанный чат-бот для приема платежей является удобным инструментом для совершения покупок онлайн. Оплатить за товары и услуги клиенты могут оставаясь в мессенджере, которого используют ежедневно. Для завершения оплаты не нужно переходить на иные сайты и приложения. Бот, реализованный в мессенджере Telegram, успешно выполняет свои задачи.

*Сафина Д.М., Жеңіс Ж.Т., студенттер  
Хабдолда Б., аға оқытушы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ  
ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ**

## ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЖАҚТАРЫ

### **Аннотация:**

Осы мақалада жалпы білім беретін мектептерінде күнделікті сабақ беру кезінде инновациялық технологияларды пайдалану мәселесі қозғалады. Педагогикалық тәжірибе кезінде кездескен жағымды әрі жағымсыз тұстары жайында ойларымен бөліседі. Инновациялық технологияларды қолдану кезінде кезіккен артықшылықтары және кемшіліктері талқыланады. Тәжірибеде қолданылған платформалардың аттары жазылып, қорытынды ойларын жеткізеді.

**Кілт-сөздер:** технология, білім беру, инновациялық тәсілдер, білім беру процесі, зерттеулер, педагогикалық тәжірибеміз, оқыту тиімділігі, мотивациясын арттыру, қолжетімді білім, оқыту тәсілдері, инновациялық платформалар, мүмкіндік, инфрақұрылым, Wi-Fi желісі.

Технология өмірдің әртүрлі салаларында шешуші рөл атқарады. Қазіргі әлемде білім беру оқытудың тиімділігін арттыру үшін инновациялық тәсілдерді белсенді түрде енгізе бастады. Қазақстанда ең алғаш “инновация” ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немербай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдісі деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет” деп көрсетеді.

Өзгерістер мен даму қарқыны ерекше жоғары информатика саласында инновациялық технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл мақалада біз информатиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың оң және теріс жақтарын қарастырамыз.

Бірінші кезекте біз әртүрлі мақалалар мен зерттеулердің пікірін қарастырамыз. Одан кейін өзіміздің тәжірибемізге сүйеніп жасаған талдауымызды және ой түйінімізді қортындылаймыз. Біз педагогикалық тәжірибемізді 2024-інші жылдың 1-сәуірінде бастап 27-сәуірінде аяқтадық. Осы уақыт аралығында Қарағанды қаласындағы 2 мектептен: Сафина Диана 16-мектепте, ал Жеңіс Жангер 102-мектепте инновациялық технологияларды және оқыту әдістерін қосу арқылы балаларды оқыту тиімділігін зерттедік.

Артықшылықтарына келсек: оқушылардың мотивациясын арттыру, жеке оқыту, қосымша тәжірибелер, қолжетімді білім болып табылады. Яғни, ойынға негізделген оқыту тәсілдері және виртуалды зертханалар сияқты инновациялық технологиялар оқу процесін оқушылар үшін қызықты ете алады. Бұл олардың мотивациясын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды пайдалану жекелендірілген материалдар мен тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы оқытуды әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабымен ұштастырғанда интерактивті оқыту құралдары, соның ішінде онлайн семинарлар мен виртуалды тренажерлар оқушыларға алған білімдері мен дағдыларын практикалық қолдану үшін көбірек мүмкіндіктер береді. Инновациялық технологиялар білім беруді қолжетімді етеді, бұл әртүрлі аймақтар мен елдердің студенттеріне үйден шықпай-ақ сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Осы кезекте біз өзіміздің тәжірибеміздегі бақылауымызға сүйенсек: шыныменде оқушылармен осындай инновациялық платформалармен жұмыс жасаған тиімді әрі ыңғайлы. Себебі, қазіргі оқушылар инновациялық технология арқылы ақпаратты заман ағымына сай, өздеріне түсінікті тілде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тапсырма беру немесе тексеру кезінде, оған қоса бағалау кезінде мұғалімнің уақытын үнемдейтінін байқадық. Біз Google Forms, Kahoot, Mindomo, Wordwall платформаларын қолдандық. Оқушылар бір-бірімен бәсекелесу арқылы және сыйды алуға ұмтылысы пайда болады. Біз осы платформаларды көбіне оқушының өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін пайдаландық.

Кемшіліктері жайында көп, біз оқыған мақалаларда, техникалық қолдау қажеттілігі, шектеулі қолжетімділік, әрқашан тиімді бола бермейді. Инновациялық технологияларды пайдалану тиісті инфрақұрылым мен техникалық қолдауды қажет етеді, бұл кейбір оқу орындары үшін қиындық тудыруы мүмкін. Кейбір инновациялық технологиялар жоғары шығындарға немесе Интернетке қолжетімділіктің шектеулі болуына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін, бұл білім беру мүмкіндіктерінің теңсіздігін тудырады. Барлық артықшылықтарға қарамастан, кейбір әдістер мен технологиялар аз болуы мүмкін. Мысалы, әлі барлық мектептерде

толыққанды қажетті техникамен қамтылмаған немесе ескі техникалармен, ескі бағдарламалық жасақтамамен жұмыс жасайды.

Өзіміздің тәжірибедегі кездескен қиыншылықтар және мәселелер: уақыт тапшылығы, интернет желісі барлығына бірдей қолжетімді болмауы, оқытушының сабаққа дайындығына уақыттың көбірек кетуі. Біріншіден, осы сайттарды дайындап алып келу үшін біз түні бойына дейін осы сайттарға ақпарат енгізу керек болды. Себебі, әр сыныпқа индивидуальді әр тақырыптарға тестілер мен ойындарды дайындау көп уақыт алады. Екіншіден, сабақ уақыты 40 минут қана. Сол себепті де осындай технологиялармен бұрын-соңды жұмыс істемеген оқушыларға түсіндіру мен оларды іске қосу уақыт алады. Жаңа тақырып түсіндіру және тәжірибеге уақыт жетпеуі мүмкін. Үшіншіден, барлық мектеп өзінің интернет, Wi-Fi желісі түгiлi компьютермен толық жабдықталмаған. Сол себепті, компьютер жетпеген жағдайда жұппен жұмыс жасатып, смартфонда интернет желісі жоқ оқушыларға оқытушылар өз интернет желісін тарату арқылы ғана жұмыс жасалады.

Қортындылай келе, инновациялық технологияларды информатиканы оқытуда пайдалану өте тиімді деп ойлаймыз. Егер қазірден бастап ұстаздар оқушыларына инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдаланса оқушылар 2-3 жыл ішінде үйренісіп кетеді. Сонда осындай әдісті қолдану уақытты алмайды, керісінше уақытты пайдалануды тиімді етеді. Ал, ұстаздар тек өздері дайындап қойған шаблондарды әр жыл сайын толықтырып отырады. Себебі, қазіргі заман ағымына ілесе білім беру әлдеқайда жақсы әрі оқушылар мен ұстаздарға оңтайлы жағдайлар жасайды.

*Қолданылған әдебиеттер:*

1. Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қаласы Керімбаева В.Ж. аға оқытушысының мақаласы “Информатика сабағында жаңа инновациялық технологиялар маңызы” 2016 жыл <http://repository.atu.kz/xmlui/bitstream/handle/123456789/1911/Керімбаева.doc?sequence=1&isAllowed=y>

2. “Информатика пәнін жаңа тұрғыда оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары” мақала, Бейшова М.А. 2023 жыл

<https://cyberleninka.ru/article/n/informatika-p-nin-zha-a-t-r-yda-o-ytuda-o-ushylardy-zyy-ushyly-yn-arttyru-zholdary>

3. Абдраманова, Г. Б. Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі / Г. Б. Абдраманова, Г. О. Байзулдаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 7.1 (87.1). — С. 4-6. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/16662/>

4. Инновационные технологии в образовательном процессе: противоречия и перспективы / Автор: ТА Заглодина  
<https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-tehnologii-v-obrazovatelnom-protssesse-protivorechiya-i-perspektivy/viewer>

5. Использование интерактивных методов обучения как условие становления социально-профессионального опыта студента / Валева М.В

<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-kak-uslovie-stanovleniya-sotsialno-professionalnogo-opyta-studenta/viewer>

6. Новые технологии эффективного вовлечения обучающихся в процесс обучения / Автор: ВА Чулюков

<https://cyberleninka.ru/article/n/novye-tehnologii-effektivnogo-vovlecheniya-obuchayuschih-sya-v-protsess-obucheniya/viewer>

7. Использование интерактивных технологий на уроках информатики как средства повышения мотивации учащихся к предмету / Автор: ИИ Иванова

<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-tehnologiy-na-urokah-informatiki-kak-sredstva-povysheniya-motivatsii-uchaschihsya-k-predmetu/viewer>

8. Использование интерактивных онлайн досок на уроках информатики и робототехники / Автор: АЮ Дьяченко

<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-onlayn-dosok-na-urokah-informatiki-i-robototehniki/viewer>

9. Использование современных мультимедийных технологий в процессе обучения / Автор: ГИ Харченко

<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-sovremennyh-multimediynyh-tehnologiy-v-protssesse-obucheniya/viewer>

10. Электронный учебник: возможности, проблемы, перспектив / Автор: О Григорьева

<https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnyy-uchebnik-vozmozhnosti-problemy-perspektivy/viewer>

11. Применение интерактивных методов обучения при преподавании учебных дисциплин "информатика" и "информационные технологии" в казанском филиале ранх и гс /Автор: ЛИ Гурина <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-pri-prepodavanii-uchebnyh-distsiplin-informatika-i-informatsionnye-tehnologii-v/viewer>

*Балташова У.Д., Берікқызы М., студенттер  
Хабдолда Б., аға оқытушы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН 10 ТИІМДІ СТРАТЕГИЯ**

### **Аннотация:**

*Мақала мектептерде информатиканы оқыту нәтижелерін жақсартуға бағытталған 10 тиімді стратегияны ұсынады. Қолайлы білім беру ортасын құру, интерактивті материалдарды пайдалану, информатиканы басқа пәндермен интеграциялау және т.б. сияқты нақты әдістерді сипаттай отырып, авторлар педагогикалық практика барысында осы стратегияларды практикада қолдану тәжірибесімен бөліседі. Олар әр стратегияның артықшылықтарын ғана емес, оларды қолданудан алынған нәтижелерді де талқылайды.*

**Кілт сөздер:** *информатика, білім беру, оқу процесі, тиімді стратегиялар, педагогикалық практика, жеке көзқарас, интерактивті оқу материалдары, пәндерді интеграциялау, практикалық қолдану, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқыту әдістерінің әртүрлілігі, жетістіктерді ынталандыру, ата-аналармен ынтымақтастық.*

Информатика саласындағы білім қазір әлем елдерінде маңызды рөл атқарады. Маңыздылығына байланысты оқушыларды информатика пәнінен оқыту нәтижелерін жақсарту педагогтар мен білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың осы саладағы жетістіктерін арттыруға көмектесетін көптеген тиімді